

Қазақстан Республикасының Кеден органдары

Дәріскер: PhD доктор Рахимова Гакку Нурлановна

Жоспары:

- 1. Кеден органдарының түсінгі, құрылымы
- 2. Кеден органдарының қызметі
- 3. Кеден органдарының негізгі міндеттері

Қазақстан Республикасының Кеден органдары

- Мемлекеттік шекараны бақылау және тауарлардың қозғалысын реттеуде маңызды рөл атқарады. Кеден органдары мемлекеттік бюджетке кірістің негізгі көзі болып табылады және заңсыз сауданы болдырмауға көмектеседі.

Кеден органдарының мақсаты

- Елге кіретін және шығатын тауарлар мен көлік құралдарын бақылап, олардың заң талаптарына сай келуін қамтамасыз ету.
- Бұл ретте кедендік рәсімдерді жеңілдету және заманауи технологияларды енгізу маңызды фактор болып табылады.
- Қазақстан Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) мүшесі ретінде басқа одақтас елдермен кедендік реттеу мен бірлескен саясатты да жүргізіп келеді.

Кеден органдарының қызметі негізгі үш бағытқа бағытталған

- кедендік бақылау,
- кедендік төлемдер мен баж салығын жинау,
- заңсыз тауарлар мен контрабандалық әрекеттерге қарсы күрес

Кеден органдарының құрылымы:

- Қазақстан Республикасының кеден органдарының құрылымы көп деңгейлі жүйеге негізделген және Қаржы министрлігіне қарасты Мемлекеттік кірістер комитетінің құрамына кіреді.
- Аталған құрылым бірнеше басқару деңгейлерін қамтиды:
- Орталық кеден органдары
- аймақтық кеден органдары
- жергілікті кеден органдары

Аймақтық кедендік басқармалар

- Өңірдегі кедендік бақылау мен рәсімдеуді жүзеге асыру;
- Кедендік төлемдер мен баждарды жинау және олардың уақытында аударылуын қамтамасыз ету;
- Тауарлар мен көлік құралдарын тексеру және шекара арқылы өтуін бақылау;
- Аймақтық кедендік инфрақұрылымның тиімді жұмысын ұйымдастыру;

Жергілікті кедендік бөлімшелер

- Шекарадан өтетін тауарлар мен көліктерді тексеру және декларациялау
- Контрабанданың алдын алу және заңсыз тауар айналымын болдырмау
- Кедендік баждар мен алымдарды жинау
- Тауарларды уақытша сақтау

Кеден органдарының негізгі міндеттері мен функциялары

- Мемлекеттік шекараны бақылау
- Тауарлардың қозғалысын реттеу
- Кедендік төлемдерді жинау
- Заңсыз саудамен күресу

Кеден кодексі және оның маңыздылығы

- Кеден кодексі Қазақстандағы кедендік заңнаманың негізгі құжаттарының бірі болып табылады
- Кодексте тауарлардың импорты, экспорты және транзитін реттейтін ережелер берілген
- Кеден кодексінде тауарларға қолданылатын кедендік төлемдер және оларды есептеу әдістері көрсетілген
- Кодексте кеден органы мен тауар иелері арасындағы қарым қатынас ережелері берілген

Кеден процедуралары: импорт, экспорт, транзит

- Импорт : Қазақстанға тауарларды әкелуі, кедендік бақылау және төлемдерді орындау , тауарлардың Қазақстан нарығына
- Экспорт: Қазақстаннан тауарларды шығару, Кедендік бақылау және төлемдерді орындау,Тауарлардың халықаралық нарыққа шығуы кіруі
- Транзит : Қазақстан арқылы басқа елдерге тауарларды тасымалдау,
 - Кедендік бақылау және төлемдерді орындау ,Тауарлардың басқа елдерге өту

Кеден тексерістері мен бақылаулары

- Құжаттарды тексеру
- Физикалық тексеру
- Рентген тексерісі
- Қосымша тексеру

Кедендік төлемдер және салықтар

- **Баж салығы:** тауарларды импорттау кезінде қолданылатын негізгі кедендік төлем. Баж салығының мөлшері тауарлардың түріне, шығу тегіне және бағасына байланысты.
- **Қосымша құн салығы:** Импортталған және экспортталған тауарларға қолданылатын салық. ҚҚС тауарлардың бағасына қосылады және кеден органдарына төленеді.
- **Акциз салығы:** Кейбір тауарларға (мысалы, темекі, алкоголь) қолданылатын салық. Акциз салығының мөлшері тауардың түріне және көлеміне байланысты. **Басқа да кедендік төлемдер** Кедендік қызметтерді пайдалану үшін қолданылатын төлемдер, мысалы, кедендік декларациялау шығындары.

Кеден органдарының қоғаммен өзара іс-қимылы

- **Ашықтық және коммуникация:** Кеден органдары өз қызметін ашық және әділ жүргізуі керек. Олар өз әрекеттері туралы қоғамды хабардар етуі керек, кедендік процедуралар туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуі керек.
- **Қоғамдық қатысу:** қоғам кеден органдарына пікір білдіруі, ұсыныстар беруі, қызметтер мен процедураларды жақсартуға қатысуы мүмкін. Кеден органдары қоғамдық пікірді тыңдап, ескеруі керек

Назарларыңызға рақмет!
